



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

БЕЛГІЛІ ТҰРАҒЫ ЖОҚ АДАМДАРДЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бекболат Әсем

asemabekbolat@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

5В090500-«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Досмурзаева Динара Онгаровна

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі таңда заң жүзінде белгілі тұрағы жоқ азаматтар, қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтардың қатарына жатады. Қиын өмірлік жағдай дегеніміз адамның өмірлік іс-әрекетін субъективті бұзатын жағдай. «Қиын өмірлік жағдай» ұғымына адамның өміріне маңызды жағдайлар жиынтығы жатады. Өмірлік жағдайдың келесідей түрлері бар:

- Қалыпты;
- Мәселелік (қиын, күрделі).

Қиын жағдай - деп адам өмірі тәртібінде бұзылыстардың пайда болуы және ол оны біреудің көмегінсіз шеше алмайды. Ондай жағдайдың басталуы келесі белгілермен сипатталынады:

- Олардың әлеуметтік іс-әрекетінің бұзылуы;
- Жағдайдың дамуындағы белгісіздік;
- Субъектіге талаптың жаңа жүйесінің пайда болуы;
- Адамның стресстік жағдайының пайда болуы.

Ғылыми әдебиеттерде өмірлік жағдайды әлеуметтік тұрақсыз жағдай ретінде қарастырады, оны дағдарыстық, стрессогенді, бетбұрысты, экстрималды, белгісіз және сыни деп анықтайды. [1] Сонымен қатар, белгілі тұрағы жоқ адамдар категориясын адамның жағдайы (әлеуметтік жағдайы) және әлеуметтік құбылыс деп қарастырылады.

«Белгілі тұрағы жоқ адамдардың» түрлі төрт дәрежесі бар:

- Біріншіден, үйі бола тұра, онда тұрғысы келмейтіндер;
- Екіншіден, үйі бола тұра, онда тұра алмайтындар. Бұл адамдар үйсіз болып табылмайды, олар көшпелі өмір салтын ұстанады деп айтуға болады;
- Үшіншіден, тұрғын үйі жоқ, бірақ тұрғын үйі болғысы келетін адамдар;
- Төртіншіден, тұрғын үйі жоқ және осы жағдайына көңілі толы адамдар.

Бұл адамдарға көрсетілетін көмектің әдіс-тәсілдері әртүрлі болу керек. Қоғамдық мемлекеттік ұйымдар үйсіздердің түрлі дәрежесіне қатысты дифференциацияланған саясатты ұстануға міндетті. [2]

Адамның далада қалуына әкеліп соғатын немесе белгілі тұрағы жоқ адам болып қалуына себеп болатын он төрт категориясын бөліп қарастырайық:

Бірінші категория – олардың пәтерлерін қылмыстық жолымен алып кетушілердің құрбаны болған адамдар.

Екінші категорияға – тұрғын аланының заңсыз келісім шартын жасаған жағдайдың құрбаны болған адамдар жатады.

Мұндай келісім-шарттарда қылмыстың қатары болмайды. Мысалы: баланы ауыстыру ордеріне қосқылары келмесе немесе ұмытқан жағдайда болады. Бұл қамқоршы органмен асыраушының, нотариус немесе ата-ананың өздерінің сауатсыз іс-әрекетінен болуы мүмкін. Былайша айтқанда, отбасы мүшелерінің біреуі айырбас құжаттарына немесе тұрғын алаңының айырбасынан айырылады.

Үйсіздердің үшінші категориясы – бас бостандығынан айыру мекемелерінен шыққандар.

Төртінші категорияға – өз уақытында жасаған қылмыстың ауырлығына байланысты тұрғылықты жері бойынша тіркелуге тыйым салынған түрмеден босатылғандар жатады. Олар ешқайда тіркелмеген немесе оларды тұрғылықты жерге бағыттауы бойынша келгендер.

Бесінші категорияны – миграциялық қызметтен қандай да бір аймаққа таза формалды жолдама алған босқындар құрайды. Бұл адамдар «аспан мен жердің ортасындағы адамдар» болып есептеледі.

Алтыншы категорияға – босқын болып табылатын және көшуге мәжбүр болған адамдар жатады.

Келесі категория, яғни жетінші категория – бұл өрт, су тасқыны және басқа да табиғат апаттарының құрбандары. Олар сонымен қатар бұл апаттардың қаншалықты жергілікті сипатта болуына байланысты, көшуге мәжбүр болған ретінде танылмайды.

Сегізінші категория - туған-туысқандары үйінен қуып шыққан адамдар.

Бұл өте үлкен контингент – олар үйсіздердің арасында екінші орынды иеленеді. Бұл категорияның көп бөлігін өз балалары үйінен қуған кәрі ата-аналар құрайды.

Тоғызыншы категория – бұл психикалық ауру адамдар. Олар өз тұрғылықты жерлерін немесе интернаттарын жабысқақ идеялардың, қуғынға ұшырау әсерінен тастап кетеді. Кейде оларға марстықтар күш көрсетіп, кейде ҰҚК қудалайды.

Оныншы категория – қызмет алаңынан айырылғандар. Адам кәсіп орнынан тұрғылықты жермен қамтамасыз етіліп, ал жұмыстан шыққан кезде оны қызметтік тұрғын орнынан айырады.

Он бірінші категория – соттық тәртіпте тұрғылықты жерінен айырылған азаматтар.

Он екінші категория – білім беру органдары мен жергілікті әкімшілік кесірінен тұрғылықты жерімен қамтамасыз етілмеген бұрынғы балалар үйінің тәрбиеленушілері.

Он үшінші категорияға – сот органдары немесе қандай да бір адамдардан, тығылып, олардың тарапынан кек немесе қылмыстың жасалуына қорқатындар жатады. Олар үйсіздердің айтарлықтай елеулі категориясына жатады: олар билік органдарымен ғана емес, сонымен қатар қайырымдылық ұйымдарымен де байланысқа түспеуді дұрыс деп санайды. Бұл адамдар әлеуметтік тұрғыда айтарлықтай белсенді және өмір сүруге қажеттінің бәрін таба алады.

Және соңғы он төртінші категория – тұрғылықты жермен қамтамасыз етілген, бірақ қайыршылықпен айналысу үшін үйсіздік өмір салтын ұстанатын, қоғамдағы үйсіздерге негативті қарым-қатынас шақыратын адамдар жатады. [3]

Субъективті себептерге байланысты белгілі тұрағы жоқ адамдардың келесідей топтары бар:

- әдейі жұмыс істегісі келмейтінде (осы аталған тобы өте көп кездеседі);
- психикасында ауытқуы бар адамдар;
- қаңғыбастық қылмыстық жаупкершіліктен жалтырудың формасы деп есептейтін адамдар;
- отбасындағы және жұмыстағы келісе алмаушылықтың салдарынан белгілі тұрағы жоқ адамдар және т.б. [4]

Еуропалық және американдық әлеуметтануда үйсіздік мәселесі ХХ ғасырдың 60-шы жылдардың соңында – 70-шы жылдардың басында қарқынды зерттеле бастады. Осы кезеңде Францияда потенциалды үйсіз тұлғаның әлеуметтік-психологиялық трансформациясының ерекшеліктеріне басымдық беретін әлеуметтік-психологиялық мектеп (А.Векслиар, Л.Мукьелли және т.б.) қалыптасты. Л.Мукьелли әлеуметтік эксклюзия теориясының қалыптастырушысының бірі, ол үйсіз тұлғаның әлеуметтік-психологиялық трансформациясы «оның ресоциализация мен жүріс-тұрыстың социабельді тәжірибелерін игеру мүмкіндіктері кедергі болатынын» анықтады. Ал осы теорияның басқа қалыптастырушысы А.Векслиар – жаңадан кері айналмайтын үдеріс ретінде десоциализацияның төрт сатысын бөліп көрсетті:

«1. Агрессивті фаза. Бұл белсенділік кезеңі, реадатцияға әрекет жасау, кез келген төтенше, апатты жағдаймен орындап шығу ұмтылысы. Мұндай апатты жағдайдың арасында жақын адамын жоғалту, жарақат алу немесе мүгедектілікті алу, жұмысты немесе әлеуметтік

статусын жоғалту, ажырасу және т.б. жағдайлар болуы мүмкін. Адам бұл жағдайға қарсы тұрады және өзінің әлеуметтік әлемін жеке күшімен сақтап қалуға тырысады. Ол өзінің жаңа жағдайын қабылдамайтын, онымен келіскісі келмейді.

2. Регрессивті фаза. Орнына бірте-бірте алдыңғы жағдай келеді, себебі адам өзінің жаңа өмірлік жағдайын толық көлемде ұғынады, ол бірте-бірте әдетке айналады. Ол өзінің жұмыссыз, мүгедек немесе ажырасқан статусын бірте-бірте қабылдайды. Бұл сәтте айналадығы әлем ол үшін қызықсыз, қатерлі және бөтен бола бастайды. Бірте-бірте өткен әлемін қайтарып алу үміті өшеді, адам сенімсіз болады, энтузиазмді жоғалтады. Кейіннен апатты жағдайдың негативті салдарлары жиналып, адам бірте-бірте өзінде қалған ресурстарды жаратады, жазатайым жағдай фатальді болады. Бұндай жағдай адамға өте ауыр және индивид оған әсер етуге мәжбүр.

3. Келесі фаза шиеленістерді шешуге және өткенін үзуге әрекет жасаумен сипатталынады. Әдетте бұл сатыда белгілі тұрағы жоқ адамдар оның жағдайы осылай өзгергендіктен, енді ол қоғамдағы жүріс-тұрыс ережелерін орындай алмайды, сол үшін орнына ешнәрсе бермей, ол қандай болсын көмекті аламын деп ойлайды. Осы сатыда белгілі тұрағы жоқ адамдар ішімдікке салынады, олар өздерінің қажеттіліктерін азайдаты, тек белгілі тұрағы жоқ адамдармен ғана контактіге түседі, олардың тілдерін меңгереді. Бірақ бұл жағдай әлі қабылданған емес, және индивид әліге дейін екі әлемге бөлінуді жүргізген жоқ. Бұл тұлғалық шиеленістің аса ауыр сәті. Егер жағдайдың дамуы осы сатыда белгіленсе, онда ол суицидке әкеліп соғады.

4. Соңғы фаза бағыныш (мойындау). Шиеленіс тоқтатылды, қабылданды, ұғынылды және пайдалы тұстары көріне бастайды. Бұл сатыда белгілі тұрағы жоқ адамдар өздерінің жағдайларын жиі жариялайды, бостандық, мақтаныш, еңбекті жек көру дискурсы пайда болады. Адам тұрақсыз, бір орыннан, бір орынға көшіп жүреді. Мұнда атуистік механизмдер, дәрсүрлі құндылықтарды терістеу байқалады. Қоғамда белгілі тұрағы жоқ адамдардың интеграциялануына өздері кедергі болады. Өзін-өзі қабылдау өмір сүру үшін өмірлік маңызды шарт болып табылады. Белгілі тұрағы жоқ адамдардың қажеттіліктерінің деградациясын осы стадыға маңызды сипаттама десек болады». [5]

Сонымен әлеуметтік эксклюзия теориясының авторлары үйсіз тұлғаның әлеуметтік-психологиялық трансформациясының бар екенін дәлелдеді және оның сатыларын нақтылап сипаттады. Бірақ бұл трансформация адамның сол мәнін, оның ошағын қарастыды ма деген сұрақ туады. Психиатрия болып жатқан өзгерістерді түсіндіретін диагнозды білмейді. Онда дромомания деген термин бар, яғни қаңғыбастыққа бейімділік, бірақ бұр термин белгіні ғана білдіреді, ал бір белгі бойынша диагноз қойылмайды. Белгілі тұрағы жоқ адамның психологиясын оның әлеуметтік жүріс-тұрысынан (нақтырақ атқанда – асоциалдыдан) шығару дұрыс емес. Адам иесіз жерді иемдене отырып, белгілі кезеңге дейін өзін «қалыпты» санаған адам «белгілі тұрағы жоқ адамға» айналады. Өмірлік тарихи ойын оқиғалар индивидтің «моральдық карьерасын» реконструкциялауға мүмкіндік туғызады.

Белгілі тұрағы жоқ адамдардың мәселелері бүгінгі тұрақсыз және әрдайым өзгеріп отыратын өмір жағдайында ерекше өзекті мәселе болмақ. Бұл сұрақтың түпкі мәніне ену үшін үйсіздік (баспанасыздық) ретінде бұл құбылыстың өзіндік даму тарихын, шетелдік тәжірибені және өткен уақыттағы әлеуметтік жұмыстың негізгі аспектілерін қарастыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кошелев Н.С. «Социальное обслуживание и права населения». Москва, 2010. 33-36 стр.
2. Тетерский В.Н. Введение в социальную работу, -М. 2000.
3. Коваленко Р.Бездомность в России. Проблематика и методология изучения. Издательство: институт экономики и города. – М., 2006. – 112 с.

4. Платонова Н. М. ПЗ75 Социальная работа с бездомными : учеб. пособие для студ. сред. проф. учеб. заведений / Н. М. Платонова. — М. : Издательский центр «Академия», 2011. — 160 с.
5. Вышинский, Олег Леонидович, диакон. Духовные, психологические и практические особенности помощи бездомным. — М: Лепта Книга, 2014. — 160 с. - (Серия «Азбука милосердия»: метод. и справ. пособия)

УДК 364

СОВРЕМЕННЫЕ СЕМЬИ В РК: ПРОБЛЕМЫ АЛИМЕНТНЫХ ОТНОШЕНИЙ.

Богданова Регина Руслановна

reginabogd@gmail.com

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Астана, Казахстан

Научный руководитель - Г.Т. Урузбаева.

В настоящее время в Казахстане идет активный процесс формирования и реализации семейной политики, которая ориентирована на развитие ценностей семьи, а также на увеличение ответственности властей и общества за обеспечение социальных гарантий микро-ячейки нашего общества.

В современном обществе, глобальность социальных процессов и интенсивность его развития, отражены в деятельности многих социальных институтов, в особенности по отношению к тем семьям, которые относятся к группе риска. Данный тип семей чаще всего испытывают различные трудности, и их жизнедеятельность проходит в неблагоприятных условиях. Любая ситуация, нарушающая жизнедеятельность человека, которую невозможно преодолеть самостоятельно, классифицируется как трудная жизненная ситуация. В современных условиях проблемы семей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации, приобретают все большую остроту и актуальность.

Как показывает современная практика, есть нормы, права и обязанности, исполнение которых семьей закреплено законодательно. В условиях казахстанского общества это «Закон о браке и семье» (1998г.), новый Кодекс «О браке (супружестве) и семье» (2011г.), направленный на усовершенствование брачно-семейного законодательства, в которых определяются нормы: владения имуществом, вопросы усыновления, минимального возраста вступления в брак, расторжение брака, а также, материальные обязательства супругов по отношению к друг к другу и к своим детям. Законопроект не только регулирует важные для общества брачно-семейные отношения, но и обеспечивает защиту прав и интересов семьи[1].

Проблемы и вопросы, касающиеся алиментов малоинтересны и обществу, и государству. Они рассматриваются как нечто частное и малозначимое в системе социальных отношений. На заседании республиканского Совета матерей Ассамблеи народа Казахстана исполняющая обязанности председателя Комитета по охране прав детей МОН РК Аяш Макенова сообщила, что более 400 тысяч матерей в Казахстане воспитывают детей в одиночку. «К сожалению, у нас неблагоприятная статистика. На сегодняшний день в Казахстане семей с одним ребенком около 998 тысяч, с двумя - около 870 тысяч, с тремя - около 410 тысяч. В то же время 75 тысяч детей рождены вне брака, более 400 тысяч матерей-одиночек, более 60 тысяч отцов-одиночек. Только с одной матерью проживает 700 тысяч детей, только с отцом - более 300 тысяч детей»[2]

Нами выделены основные категории семей, имеющих проблемы в алиментных отношениях, и попадающих в сферу деятельности специалистов социальных служб и являются предметом профессиональной деятельности социальных работников:

- женщины, которые непосредственно столкнулись с проблемой алиментных отношений;
- семьи женщин, которые добровольно отказались от алиментов;